

«Екі жұлдыз» байқауы ХАТТАМА

Өткізілген күні: 20.11.2025ж.

Өткізілген орны: «Happy Kids» балабақшасы

Қатысқандар: Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар мен балалар.

КҮН ТӘРТІБІ:

Ата-аналармен жұмыс жоспары бойынша өткізілген «Екі жұлдыз» шығармашылық байқауының қорытындысы.

ТАЛҚЫЛАУ:

Байқаудың мақсаты — отбасы құндылықтарын дәріптеу, ана және бала арасындағы шығармашылық байланысты нығайту, сонымен қатар балаларды өнерге баулу болып табылады.


Шығармашылық сайысқа «Достық» және «Пчёлки» топтарының тәрбиеленушілері мен олардың аналары қатысты. Жұптар өз өнерлерін (ән айту, би билеу, сахналық қойылым) жоғары деңгейде көрсетті. Балалар мен аналар арасындағы сахналық мәдениет пен шығармашылық үйлесімділік ерекше байқалды.

ШЕШІМ:

Ата-аналармен жұмыс жоспары аясында ұйымдастырылған «Екі жұлдыз» шығармашылық байқауы жоғары деңгейде өтті деп есептелсін.

Отбасылық құндылықтар мен баланың шығармашылық әлеуетін дамытуда белсенділік танытқан «Достық» және «Пчёлки» топтарының қатысушыларына алғыс жариялансын және арнайы дипломдармен, естелік сыйлықтармен марапатталсын.

Осындай ата-ана мен балабақша арасындағы байланысты нығайтатын мәдени-көпшілік іс-шаралар алдағы уақытта да жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрсын.

Төрағасы:  Н.А.Байхатова

Хатшы:  А.Е.Уаспова





1. The first part of the program was a song about the importance of music in our lives. The children sang along with the teacher and enjoyed the melody.